



АЛТЫН ҰЯ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ БАСЫЛЫМ

Газет 2001 жылдан шығады

● *Өзекті мәселе*

АЙМАҒАМБЕТОВ БИЫЛҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ТУРАЛЫ АЙТТЫ

Олимпиада, ҰБТ-ны ұйымдастырудан бастап магистратура мен докторантураға түскенге дейінгі барлық процесс электрондық форматқа көшірілді, деді министр.

ҰБТ-ны ғана электрондық форматқа көшіріп қоймай, барлық іріктеу іс-шараларының форматын ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету үшін өзгертіп жатырмыз, деп мәлімдеді білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Пәндік олимпиада форматы өзгерді

«Біз биыл ақпанда алғаш рет оқушылар арасында республикалық олимпиаданы электронды форматта өткіздік. Әр қатысушыға жеке компьютер берілді, әр оқушының іс-әрекетін бейнекамера бақылап отырды. Сонымен қатар арнайы орталықта кезекшілер барлық процесті қадағалап, прокторинг жүйесі де қолданылды. Әлеуметтік желілерде және арнайы порталда ашық трансляция жүргізілді», – деп жазды министр Facebook-тегі парақшасында.

Айтуынша, биыл олимпиада тапсырмаларын тексеру жүйесі де өзгерді. Бұрын қазылар алқасы мүшесіне балалардың жұмысы пропорционалды түрде берілсе, енді бағалау кезінде субъективизмді төмендету үшін қазылар

алқасының әр мүшесі бір ғана тапсырманы көріп, бағалады.

Енді келешекте олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңдері тек осындай форматта өтеді.

Докторантура мен магистратураға қабылдау форматы

Биыл докторантураға түсу емтихандары ҰБТ-ға қойылған талап негізінде Ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізілген пунктерде өтеді.

«Бұл бізге «ректорлар тізімі» деген алып-қашпа сөзді және осындай тәуекелдерді ұмытып, докторантураға ең мықты және лайықты үміткерлердің оқуға түсуіне тиісті жағдай жасауға мүмкіндік береді деп ойлаймын», – деп жазды Аймағамбетов.

Биыл докторантураға түскісі келгендер эссе мен басқа да тапсырмаларды компьютер арқылы бейнекамера алдында отырып жазады.

Айта кетейік, өткен жылы магистратураға түсушілер емтиханды пилоттық режимде электронды форматта тапсырды.

«Оқуға түскен азаматтар емтиханның расында әділ түрде өткенін айтып жатыр. Биыл бұл жұмыс жалғасады. Енді магистратураның ем-



тихандары да осы форматта өтеді», – дейді министр.

Осылайша олимпиада, ҰБТ, магистратура мен докторантураға түскенге дейінгі барлық процесс электронды форматқа көшірілді.

«Осындай жаңашылдықтар арқылы әділдік пен ашықтыққа бағытталған бастамаларымызды жүзеге асырып жатырмыз», – деді Аймағамбетов.

Гаухар ӘБІЛДАЕВА.

● *Өзекті мәселе*

ҰБТ-2021: ЖАҢА ЖҮЙЕ КӨШІРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРМЕЙДІ

2021 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі жаңалыққа толы. Мектептің басты емтиханын тапсыруда Қазақстан ТМД елдері ішінде алғашқы болып электронды форматқа көшті.

Республика бойынша ҰБТ тапсыратын 51 орында үш ай бойы оқушылар өздері таңдаған күн мен уақытта екі рет емтихан тапсыра алады.

Қазақстанның Ұлттық тестілеу орталығының басшысы Дидар Смағұловпен сұхбаттасып, 2021 жылы ҰБТ тапсыру төңірегіндегі өзгерістер жайлы мәлімет алды.

Дидар Смағұлов бес кезеңнен тұратын бейнебақылау жүйесі көшіріп жазуға мүмкіндік бермейтінін айтады.

Осы үш жыл ішінде министр өз сөзінде тұрды. Ешқандай заңсыз тапсырма болған жоқ. Біз мұнда қалыптасқан жүйені бұза алдық.

Бұрындары ҰБТ-ға ЖОО қызметкерлері бақылаушы болған. Оларға қомақты қаражат

пен қонақ үйлерде тоқтағаны үшін тәуліктік ақы да қоса төленді, бақылау жүргізуге үйретті. Осының барлығына бюджеттен шамамен 500 миллион теңге жұмсалды. Қазір ҰБТ тапсыру барысына біздің тестілеу орталығының қызметкерлері бақылау жасайды. Бұл шамамен 200 адам. Өз басым адами факторды жойғанымызға қуанамын.

Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде бес жыл жұмыс істедім. Сондықтан грант немесе басқа да артықшылықтар туралы сөз қозғалғанда қандай әрекеттер болатынын білемін. 2020 жылды есепке алмағанда жыл сайын ҰБТ-ға байланысты қылмыстық іс қозғалды. Емтиханға бақылау жүргізетін азаматтардың іссапар мен қонақ үй шығындарына арналған төлемдер бойынша заңсыз бизнес құрылған. Біз осы төлемдерден бас тарту туралы шешім қабылдадық.

Қазір бюджетте іссапар шығындары деген бап жоқ. Жаңа жүйенің арқасында ел бюджетіне миллиардтаған теңгені қайтара

Жалғасы 2-бетте.

● *Өзекті мәселе*

БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ТҮЛЕКТЕР КЕШІН ӨТКІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ ӨЗ ҰСТАНЫМЫН ЖАРИЯЛАДЫ

Қазақстанда аттестат тапсыру салтанаты мектептерде өтеді. Алайда түлектер кешін өткізу Білім және ғылым министрлігі мектепті бітіруге арналған түлектер кешін өткізуге қатысты ресми ұстанымын жариялады.

Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрайымы Майра Мелдебекованың айтуынша, аттестат тапсыру салтанаты мектептерде өтеді. Алайда түлектер кешін өткізуге рұқсат жоқ.

«Мектептің ауласында салтанатты шара ұйымдастырылады. Сол жерде түлектерге аттестат табысталады. Оны да кесте бойынша өткізеді. Ал ары қарай кеш өткізуге тыйым салынған», – деді Мелдебекова арнайы брифингте.

Оның айтуынша, әрбір мұғалім мен оқушы қазіргі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды және коронавирустың қаупін түсінуі керек.

«Бүгінде мектепте аттестат тапсырудың тәртібі бар. Барлық мектепке нұсқаулар жіберілді. Мұғалімдер де бәрін бақылайды. Ал мектептен кейін көпшілік шара ұйымдастырылса, жергілікті билік тиісті шара қолданады», – деп атап өтті Мелдебекова.

Тағайбек ИСАХАНҰЛЫ.